ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (27) шілде-қыркүйек 2021
ISSN 2710-3994

Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кыргызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Казахстан)

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Улықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғулан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағулов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нүр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым
Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна
Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna
Scientific Editor:
Kozybayeva Makhabbat Malikovna
Editor:
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich
Executive Secretary
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna
Technical secretary:
Khumarzakh Altynbek

ҒТАМР 03.00.20 https://doi.org/10.51943/2710-3994_2021_27_3_56-67

МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ж.Ж. Жеңіс*

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент
E-mail: zhozhengis@gmail.com (Жеңіс)

Аңдатпа. Мақалада Шыңғысхан құрған империяның алғашқы кезеңдеріндегі мемлекеттік-идеологиялық саяси бағыттың барысы қарастырылады. Дәстүрлі дүниетанымның идеологиялық жүйедегі алған орыны, идеологиялық күрес мәселелері қарастырылады.

Түркілердің ортағасырлық мемлекеттерінде әртүрлі себептермен кейбір діни жүйелердің мемлекеттік идеология үстыны дәстүрлі діни жүйені қыспаққа алуы баяндалады. Автор, бұл үдеріс барысында дәстүрлі дүниетанымның өзгергенін және ислам сияқты жаңа діндер жүйесінде белгілі бір элементтер өмір сүруді жалғастырғанын дәлелдейді.

Шыңғысханның өзі жаулап алған жерлердегі бүкіл көне рулық-тайпалық жүйелерді бұзып, ыдыратып, халықтарды араластырып, жаңа рулық-тайпалық құрылымдық жүйелерді түзгені дәйектеледі. Жаңа жерлерді бағындырған түркі-моңғолдар Шыңғысхан Ясасы бойынша іс жүргізіп, мұсылмандар істері шариғатпен іске асқандығы көрсетіледі.

Мақала авторы, үлдарына бөлініп берілген аймақтарды қамтыған Шыңғыс хан империясының тағдыры өздерінің орналасқан аймақтарының ұлттық-мәдени және діни ерекшеліктеріне орай қалыптасқандығын баяндайды. Мысал ретінде, қытай мәдениетінің әсерімен будда іліміне мойын ұсынған моңғол көшпенділерінің де көшпенділерге тән дүниетанымы трансформацияға ұшыратқандығын көрсетеді.

Түйін сөздер: Шыңғысхан империясы, көшпенділер дүниетанымы, идеологиялық жүйе, ислам, мемлекеттілік, саяси күрес.

Кіріспе. Көшпенділердің жаңа империясының жетекшісі өз мемлекетінің қандай да бір идеологиялық тұғырсыз дамуы мүмкін еместігін түсінді. Әсіресе, ол ортақ идеологияның империяның халқының бірігуінің, әскердің үйымшылдығы мен беріктігінің, мемлекеттің іргесінің мықтылығының кепілі екендігіне сенімді болды. Сондықтан да ол ең баста-ақ жас мемлекеттің идеологиялық құндылықтарының дәстүрлі дүниетаным негізінде қалыптасуына баса назар аударды.

Материалдар мен әдістер. Империяны мекендейтін ру-тайпалар мен әртүрлі этникалық топтардың заңдық қарым-қатынасын реттеп отыру үшін Шыңғыс хан ауызша таралған тіпті, моңғолдардың өзі ұмытып, құндылығын жоғалта бастаған заң-ережелер жүйесін қалпына келтіріп, жинақтап өзінің атақты «Жасағын» (Яса, Ясак) жасады. З.Қинаятұлының пікірінше, «Ұлы Жасақ – тек Шыңғысханның аузынан шығып, Шихихутугтың қолымен жазылған жаңа туынды емес, ол ежелден Моңғол үстіртін мекен еткен түркі, түңғыс, моңғол мемлекеттері тұсында өмірге келген ежелгі заңдық ережелердің ең бір сыналған элементтерінің жинағы. Мысалы, Ұлы Жасақта «ер адам басын елін қорғауға дайын тұруға міндеттейтін» ғұн-түркі заманынан қалған үрдістер сол күйінде қабылданған» (Қинаятұлы, 2007: 7-9). Ұлы Жасақта «көшкен жұрттың ошақ орынын және өзен-суға зәр сындыруға тыйым салатын ережелер» кейін түркілер мұсылмандықты қабылдаған соң ислам діни ережелерімен үштасып, моральдық дәстүрге айналды (Қинаятұлы, 2007: 8).

Бұдан өзге, аталмыш мәселеге орай XIII ғасырдағы моңғол-түркілердің жаулап алуларына байланысты мәселелер төңірегінде Рашид ад-диннің «Джами ат-тауарих», Ата Мәлік Джувейнидің «Тарихе Джахангуша», Хондмирдің «Тарихэ әл-Асир», Шахаб ад-дин ан-Нисавидің «Сират Джалал

ад-дин Минкбурни» т.б. сияқты кең танымал еңбектермен қатар Афзал ад-дин Керманидің «Тарихе Керман», Әбу әл-Хасан әл-Кашанидің «Тарихе Олжайту» тарихи еңбектері талқыланды.

Талқылау. Осы тақырыпта қалам тартқан зерттеушілер ирандық тарихшылар туралы да осыны айтуға болады. Абдол Али Дастғейбтың «Худжумэ ордуйэ моғул бэ Иран», М.Дж.Машкурдың «Торихе Иронзамин», Азизолла Бейаттың «Тарихэ Иран аз зохурэ эслам та дэйоламэ», Реза Эсфаханидың «Иран аз зардошт та қиомхай ирани», А.Басанидың «Дин дар охдэ моғул» атты зерттеулері мазмұны жағынан кеңестік авторлар еңбектерімен сарындас болып келеді.

Плано Карпини XIII ғ. екінші жартысында түркі, моңғол тайпалары мен Шыңғыс иелігіндегі жерлерге саяхаты нәтижелері «Монголдар тарихы», Гильом Рубруктың «Шығыс елдерге саяхат» атты кітапқа жинақталып, бүгінгі күнге жетті. Бұлардан кейін далаға саяхат жасаған Марко Поло да өз «Кітабының» көлемді бөлігін моңғол түркілерге арнады. Ескі армян тілінде жазылған Киракос Гандзакецидің «Армян тарихынан» да түркі-моңғолдардың дүниетанымы жайлы мәліметтері жан жақты талданды.

Зерттеу нәтижелері. Шыңғыс хан құрған мемлекеттік жүйе мен заңдық ережелер өз бастауын көне, дәстүрлі дүниетанымның қайнарынан алып жатты. Әрине, жетілген жүйе мен нақты қағидалармен бекітілген ережелер түрғысынан алғанда шынында да салыстыруға келмеді. Дегенмен, исламдағы басты табыну нысаны – Аллаһтың мәні мәселесі мен исламдағы негізгі сенім тірегі – «иман» түрғысынан алғанда түркі сенімі бұл талапқа толық жауап бере алатын сенім жүйесі болды. Мысалы, Шыңғысхан жорығының табысты болуына, моңғол-түркі жауынгерлерінің олардың дүниетанымымен байланысты берік рух пен діншілдіктері себеп болғандығына талас жоқ. Көрнекті орыс философ-тарихшысы Н.Трубецкойдың дұрыс байқағанындай "… Шыңғысхан мемлекетінің тағы бір маңызды ерекшелігі ол осы мемлекеттегі дін жағдайына байланысты. Терең діни сенімге ие бола отырып, өзінің жеке басын Жаратушымен байланыстыра отырып, Ұлы Хан бұл қасиетті өзіне бағынышты тобырдан да көргісі келді. Өз борышын қорқынышсыз, бұлжытпай орындау үшін жауынгер сенімді түрде теориялық жағынан емес, интуитивті түрде жан-тәнімен тағдырының әлемдегі басқа да адамдардың тағдыры сияқты жеке адамның қолында емес, мәңгі биік, талқылауға келмейтін Құдай қолында екендігіне сену аса маңызды болды. Тәртіпті жауынгер өз бастығына сөзсіз бағынады, Бірақ, ол өзіне деген құрметті де аяқ асты етпейді. Ол іс жүзінде материалды, дүнияуй байлық пен жалған намысқа бас ұратын құлдық психологиядан ада еді. Шыңғысхан да өз қағандығындағы осындай шынайы діншіл жауынгерлерін бағалай білді» – (Трубецкой, 2000: 236) деп түйіндейді. Исламдағы негізгі талап «иман», ар-ұят, қанағатшылдық, сияқты сенім категориялары түрғысында моңғол-түркі көшпенділерінің мұсылмандардың кейбір «іші түтін, сырты бүтін» діни «ғұламаларынан» әлдеқайда діни адамдар болғандығы белгілі.

Дәл осы діншілдік сипат олардың ислам әлеміндегі саяси жеңістеріне себепші болды. Әуел бастағы кіршіксіз бастауын өздерінің өзімшіл пиғылдарымен ластаған, дінді саяси ойындарына ермек еткен мұсылман билеушілеріне моңғолдар аса қаталдық көрсетті.

Дегенмен, Н.Трубецкой қалай болғанда да моңғол-түркілердің қандай нанымда болғандығын айтпай, мәселені ашық қалдырады. «...Ол өз бағыныштыларына догматикалық, дәстүрлермен шектейтін қандай да бір дінді күштеп таңбады. Міне, сондықтан да оның мемлекетінде ресми дін болмады. Ал, өзі қарапайым дін-шамандықты ұстанып, соған сенді» (Трубецкой, 2000: 236). Оның қарапайым сенім деп аса назар аудармай отырған осы «шамандық» нанымы олардың империясында басқа әлемдік діндермен қақтығысқа келмей, керісінше, қатар дамуына септігін тигізді.

Түркілердегідей көне моңғолдарда да Тәңірі-Аспан негізгі сенім нысаны болып қала береді. Моңғолдарда аспан – барлық құдайлардан жоғары және қосымша құдайлар оның еркінің құралы, өз мақсатына пайдаланатын күші болып табылды. Б.Банзаров «Азия мен Еуропаның көне халықтарының мифологиялық жүйесімен салыстырсақ, онда қара сенімнің басқалармен керемет ұқсастығын байқар едік, бірақ бұл ұқсастықтар халықтардың жақындауынан пайда болған жоқ – бұл ұқсастықтар кездейсоқтық» (Банзаров, 1955: 375) – деп жазды.

Шыңғысханның «Ұлы Жасағы» да көшпенділер өміріне жат арақ пен шарабқа қарсы болды: «Арақ пен шараптан ақыл мен өнерге еш пайда жоқ. Арақ ішкен адамда жақсы қасиет пен әдет қалмайды. Арақ пен шарап ішкен билеуші ұлы істер мен ұлы ойларын іске асырмайды. Егер

қарапайым адам арақ ішсе, онда ол бүкіл қолында барын, дүниесін ішеді» деп (Хара Даван Эренжен, 1992: 184) көшпенділер арасына маскүнемдіктің таралуының әлеуметтік зардаптарын жете түсінді.

Түркі-моңғолдардың жалғыз құдайға сенуі жайлы XIII ғасырдағы италъян саяхатшысы Плано Карпини да (Карпини, 1993: 25) жазды. Армян тарихшысы Кирокос Гандзакеци де моңғолдардың сенімі жайлы: «Олар құдайға мінажат етпейді. Олар [ешкімге] табынбайды. Бірақ құдайдың атын жиі, кез келген сәтте еске алады. Біз олардың қай құдайға табынатынын білмейміз. Бірақ олар әдетте былай дейді: олардың билеушілері – аспанның иесі, жерді қағанға беруші Құдайдың туысы... Олардың тілі жабайы, ал Құдайларын Тангри деп атайды» дейді (Гандзакеци, 1976: 172).

Тәңірі (аспан) сөзін Шыңғысхан грамоталарында Ұлы құдай, халықтар мен олардың билеушілердің тағдыры сұралатын құдірет түрінде кездестіреміз. Моңғолдар өз грамоталарын әрқашан «мәңгі аспан күшімен» (Григорьев, 1978: 210) деп бастады. Бұл дәстүр мұсылмандардың әр түрлі жазба материалдарын «мейірімді де рахымды Алла атымен бастаймын» деген исламдық дәстүрмен бастауымен сабақтас екенін көреміз. Шыңғыс хан меркіттерді талқандаған соң:

Tenggeri qajar-a gugu nemekdeju.
Evketu tenggeri nevexitcu
Eke etugen-e guvgeju

Аспан мен жер біздің күшімізді көбейтті.
Құдіретті Тәңір шақырды,
ал Жер – Ана Өтуген – кеудесіне көтерді
Аспан мен Жер күшімізді көбейтіп,
біз сартаул халқын талқандадық

Tenggeri qajav-a gugu nemekdeju.
Savta‘ue ivden-i edui dovoxita‘ueuqsan-tur.
Mongke tenggeri-yin qucun-tur tenggeri qajav-a gugu
auqa nemekdeju qur ueus-i siduvqutqaju qaqca jieua-duviyan
ovo‘ueuqsan-tuv.

Мәңгі Тәңір күшімен,
Аспан мен жер [менің] күшімді молайтты,
[мен] империя құрдым және оны өзімнің
біртұтас алақанымда алып жүрдім (Никитин, 1984: 104).

Шыңғысхан мен оның әулетінің тәңірдің қалауымен келген билігінің ресми бекітілуі, мұсылман елдерінде қасиетті Құран аяттарымен үқсастықты шебер пайдалану нәтижесінде одан әрі бекітіле түсті.

Шыңғысханға дейінгі түркі-моңғол қоғамындағы дәстүрлі дүниетанымдық жүйенің күйреуіне Түркі қағанаттары кезінде мемлекет ісіне аса араластырылмаған шаман-бақсылардың маңызының артуымен де байланыстыруға болады. Көшпенді тайпаларды бір орталыққа бағындырған Шыңғыс ру-тайпа көсемдері жиналған құрылтайда ресми түрде қаған болып жарияланғандығы белгілі. Шыңғысханның қаған дәрежесіне ие болуына сол кездегі түркі-моңғол қоғамындағы маңызды барлық тұлғалар сияқты Көкчу Теб-Теңрінің тікелей қатысы болды. Қасиетке ие діни адам, сондай-ақ өзінің қағандыққа жетуіне ықпал еткен саяси тұлға ретінде Шыңғыс хан оған сеніп, сүйенгенімен, оны өз ырқында үстап, еркіне жібермеуге тырысты. Теб-Теңрі де Шыңғыс хан болған соң да өз маңызын жоғалтқысы келмей хан ақсүйектерінің қатарына кіргісі келді. Ол хан туыстарын жамандап айдап салғанда, хан оларды жазалауды жөн санағанда ол шешесі мен әйелінің үгітімен райынан қайтады. Ол тіпті, Теб-Теңіріні өлтіруге жарлық береді. «Теб-Теңірі менің бауырларымды үрды. Жалған жала жапты, сол үшін Аспан оны ұнатпады, сондықтан оны өмірі мен денесін алады» деді. (Владимирцев, 2002: 176). Келтірілген деректен Шыңғысханның түркі-моңғол қоғамындағы

дәстүрдің әлсіреуімен өсе бастаған шаман-бақсы маңызын бұрынғы Түркі қағанаттарындағы деңгейіне қайта түсіруге талпынуын байқаймыз.

Түркі-моңғол дүниетанымдық ортақтықтарының тағы бір дәлелі олардың жерлеу ғұрпына байланысты. Алдыңғы тарауларда көрсетілгендей, Түркі қағанаты тұсында қаза болған кісіні қабірге атымен, ат әбзелдерімен бірге көму дәстүрі болған. Моңғолдар арасына саяхат жасаған Бенедикттің есебі негізінде жазылған де Бридианың жазбасында моңғолдардың жерлеу дәстүрін анық суреттеген. Бенедиктің есебінде бұл былайша суреттеледі: «Егер бай өлсе, оны жасырын түрде далаға шығарып, киіз үйдің ішіне отырғызып, алдына ет, қымыз қойылған ағаш бөстекпен қоса жерлейді. Онымен бірге құлынды бие, ер-тоқымымен ат, жебесімен садақ көміледі. Бір жылқыны жақындары сойып жеп, терісіне шөп толтырып, ағаш бақанмен көтереді. Олар кісі өлген соң осының бәрін пайдаланады деп сенеді. Тағы да алтын-күміс салады» (Дубровский, 2002: 200). Бұл дәстүр туралы Герадот жазбаларында скифтерде, Солтүстік Кавказдағы ғұндардың осындай жерлеу ғұрпы болғандығын Мовсес Каганкатваци жазады (Дубровский, 2002: 200). Бағдадтың Еділ бұлғарларына жіберген елшілігінің хатшысы ибн Фадлан да X ғ. түркілердің жерлеу ғұрпын жазады: «Ал егер олардан кісі өлсе оған арнап үй тәрізді шұңқыр қазады. Оған киім кигізіп, белбеу, садақ асындырады ...қолына ағаш ыдыс ұстатып, набиз құяды, үйде не бар, бәрін қояды. ... Жүз немесе екі жүз жылқы сойып, басы, құйрығы, терісі мен аяқтарын қалдырып, етін жейді. Қалған бөліктерін ыдыстарға салып, бірге көмеді де «О дүниеде осы жылқыларға мініп, жұмаққа барады» дейді. Осы дәстүр XYIII ғ.дейін яғни христиандықтың белең алуына дейін телеуіт, саха, бурят, сияқты Ресейдің түркі-моңғол халықтарының жерлеу ғұрпында сақталды (Дубровский, 2002: 204). Сонау Түркі қағанатынан қалыптасып, бекіген жерлеудің бұл тәсілінің кейінгі моңғолдарға да ортақ болуы олардың Түркі қағанатының билік ету аумағында болуын, ең болмағанда түркілердің мәдени дәстүрлерінің ықпалына мықтап ұшырағандығын көрсетеді.

Шыңғыс ханның түркі-көшпенділерін біріктіруі олардың өзара идеологиялық ерекшеліктерге ие болып, рухани алауыздықтар негізінде одан әрі ыдырауларымен қатар жүрді. Діннің бұрынғы біртұтас түркілерге саяси-мәдени ықпалының өскендігі соншалық, енді олар бір-бірімен идеологиялық тұрғыда бітіспес жауларға айналды. Бұл туралы Н.Нұртазина «XIII ғасырда моңғол империясында этникалық ерекшеліктер шын мәнінде көп маңыз атқарған жоқ. Нағыз мәдени күрес діни-конфессиялық топтар арасында өрбіді. Мысалы, түркі-мұсылмандар түркі-христиандарға бауыр тартқан емес, оның орнына олар нәсіл жағынан үш қайнаса сорпасы қосылмаса да парсылармен, тәжіктермен, тіпті сол заманда қалыптасып жатқан қытай-мұсылмандармен (дүнгендермен) бірігіп, ортақ пікірлерін қорғап жатты» Нұртазина, 2002: 216). деген пікірінің жаны бар. Бұл ақиқатпен келіскісі келмеген Шыңғыс хан өз империясында этникалық жақындықтың маңызы, діни-конфессиялық жақындықтан көрі басым болуына күш салды. Өйткені, Шыңғысхан дәл осы үрдістің моңғолдардың алдында, түркі қағанатының құлауына себеп болғандығын жақсы түсінді. Сондықтан да, ол бұл айырмашылықты жойып, көне, дәстүрлі түркі бірлігін (киіз туырлықты халықтарды) біріктіруді көздеді.

Өздерінің осы мақсаттағы алғашқы қадамдары Дала көшпенділерін дүниетанымдық түрғыда бірыңғайлыққа түсіруге ұмтылысымен бастады. Бұл орайда Шыңғыс ханның ең басты қарсыласы – қыпшақтар болды. Ұлы даланың кең байтақ бөлігін мекендейтін, көне түркілік мемлекеттерді құруға қатысқан қыпшақтар өздерінің дәстүрлі этно-мәдени, шаруашылық ерекшеліктерінен айырылып, ыдырау үдерісін бастан кешіп жатқан еді. Дешті-Қыпшаққа келген моңғолдар осы аймақтың негізгі көшпенділері қыпшақ билеуші ақсүйектерін толығымен тықсырып, жойып, олардың тайпалық және рулық табыну нысаны болып табылатын далада шашылған балбал тастарын қиратты (Феодоров-Давыдов, 1976: 126).

Түркі мемлекеттілігінің ыдырауымен орын алған саяси жағдайлардың ықпалымен түркілердің көршілес аймақтарға ену үдерісі жылдамдады. Түркі-моңғол шапқыншылығының алдында түркі, ең алдымен қыпшақ элементтерінің де Орта Азияға енуі күшейді. Ислам дінін қабылдаумен қыпшақтардың жерлеу ғұрпында да өзгерістер пайда болды. Енді мүрдемен қосып қабірге еш нәрсе салмайтын болды. Өлікті басын солтүстік-батыс–Мекке тарапына қаратып жерлеу ғұрпы етек алды. Қабір үстіне күйген кірпіштен күмбезді мазар орнататын болды Көк Орданың шығыс аудандарында

ислам дінінің келуімен байланысты «бұтқа табынуға» қарсы идеологиялық күрестер нәтижесінде ата-бабалар әруақтарына арнап балбал тастар орнатылмайтын болды. С.М. Ақынжановтың Низамидің поэмасының негізінде жасаған пайымдауларына қарағанда енді балбал тастардың өзі исламдық сипатқа ие болып, әйелдердің тас мүсіндері енді орамал тарқан бейнеде болды (Акынжанов, 1999: 223).

Бұл хорезмшах армиясындағы қыпшақ контингенттері еді. Хорезмшах Мұхаммедтің шешесі Теркен қатын өзінің төңірегіне оғыз-қыпшақ аристократиясынан шыққан баяут немесе урани тайпасының қыпшақтарын топтастыра бастады. Бұл Хорезмнің түркіленуінің күшейе түсуіне көп әсер етті. XII ғ. ортасы мен XIII ғ. басында шығыстан қара қытай, қарлық, т.б. сияқты Ертіс маңайы мен Жетісудан түркілер ағыны кіре бастаған болатын. Олардың көбісі хорезмшах әскерінде қызмет етті. Түркі этникалық элементтерінің көбеюі түркі тілінің қолданыс аясын кеңейтті. Орта Азияда XII ғ. өзінде-ақ түркі тілі тәжік тілімен бірдей дәрежеде қолданылды. Дегенмен, жаңа жерлерге келген түркілер өздерінің түркілік тегінен алшақтап, отырықшы мәдениетті бойларына сіңіруі заңды құбылыс. Олар өздерінің түркілік тегін сақтай білгенімен, бәрібір көне түркілік рухтың бірден-бір мұрагерлері, Орталық Азиядан келуші моңғол-түркілерге қарағанда, парсы-соғдылық мәдениеттің элементтерін бойларына терең сіңірген, отырықшы дәстүр мен төл дәстүрдің синтезін қалыптастырып, өзгеріске ұшырай бастаған этникалық топқа айнала бастаған болатын.

Ан-Несеви қыпшақтардың хорезмшахтар мемлекетімен етене-жақындығын, Шыңғыс ханның оларға қарсы саясатының мәнін былайша түсіндіреді: «қыпшақ тайпалары бұл үймен (хорезмшахтармен) достық пен махаббат арқылы байланысқан. Өйткені, хорезмшахтардың аналары бұрын да, қазір де қыпшақ билеушілерінің қыздары. Сондықтан да Шыңғысхан мен оның ұлдары қыпшақтарды түбімен жою үшін қолынан келгеннің барлығын істеді. Өйткені, қыпшақтар хорезмшахтар әскерінің күші мен тірегі еді» (Юрченко, 2002: 401).

Орта Азияға жорық 1219 жылдың қыркүйегінде басталды. Әскердің бір бөлігін Шағатай мен Үгедейге беріп Шыңғысхан оларды Отырарға жіберді. Үлкен ұлы Жошы Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерді жаулап алу үшін аттанды. Үшінші топты Алақ нойон бастап Сырдарияның жоғарғы сағасын жаулап алуға кетті.

Шыңғысхан Хорезмді аларда осы аймақтағы сопылық дәстүрдің өкілі Нәжмеддин Кубраның даңқын естіп, оған хат жолдайды. «Мен Хорезмді аламын да халқын қырамын. Ол ұлы шейх қаланы тастап, маған келгені дұрыс болар еді» деп жазады. Сонда Кубра: «мен жетпіс жыл болды осы қала халқымен түрдым. Енді олардың басына күн түскенде тастап кетіп қалғаным адамгершілік болар ма екен» деп жауап береді. Шейх қала халқын түркілерге қарсы джихадқа шақырады (Абд ур-Рафи Хакикат, 2002: 118). Ал, моңғолдар жорығы кезінде Қожа Ахмет Йасауи шәкірттері Шыңғыс хан жағында болады. Солардың бірі Мұхаммед Зарнуқи Шыңғыс ханға қызмет етеді. Шыңғысханның мұсылман түркілерге айрықша озбырлығын, тек олардың түркілік бірлікке түсау жасағандықтарымен түсіндіруге болады. В.Трепавловтың айтуынша «түркі-моңғолдық бірлік» идеясы Мауреннахрға келгенде жүрмеді (Трепавлов, 1993: 54). Моңғолдардың Орта Азияны жаулап алу оқиғаларына мұқият зер салсақ, Шыңғысхан әскеріне қарсылықты бәрінен бұрын осы түркі сарбаздары көрсетеді. Көбінесе қаланың дарбазасын ашып берушілер мұсылман дін басылары.

Өзінің саяси мақсаттарына қол жеткізіп, бұрынғы Түркі қағанатын қалпына келтірген Шыңғыс хан мемлекетті империя дәрежесіне жеткізді. Дегенмен, Шыңғысхан мемлекеті қазіргі түсінігіміздегі империя ұғымынан ерекшелігі болды. Біздің түсінігіміздегі мемлекеттік биліктегі империя, батыстың ескі ресми ғылымы негізінде қалыптасып, мысал ретінде Рим, Карфаген, Мысыр империяларын көрсетті. Ал, әсіре қаталдық пен орталықтандырудың зардабын алдын ала білген Шыңғысхан өз елінде билікті нақты етіп, орда – мемлекеттік және жергілікті – өзін-өзі басқаратын етіп бөлді. Сондықтан да Шыңғысхан мемлекетіндегі империялық дәстүр империяның классикалық түсінігінен мүлде бөлек болды. Яғни, Шыңғысхан империясы құқықтары қатал заңдармен шектелген, шамадан тыс орталықтанған мемлекет емес, еркін, жұмсақ заңдарға ие, мемлекеттік жүйе болды.

Ал, дін мәселесіне келгенде Шыңғыс хан бастапқыда түркі-моңғолдардың өз діндерінде қалып, дәстүр беріктігін сақтағанымен, империяның өзге бағыныштыларына діни еркіндік берді.

Мысалы, моңғол империясындағы билеушілердің қайсысы болмаса да, өз иелігінде діни еркіндікті сақтап отырды. Бұл империяның негізін салушы Шыңғысхан кезінде орнатқан қатаң позицияның жемісі еді. Шыңғысханның «барлық төрт пайғамбарды (Будда, Мұса, Иса, Мұхаммед) құрметтеймін және сыйлаймын. Осылардың қайсысының шын екенін айтыңдаршы, сол маған жақын болсын» деп (Хафиз Абру, 1345: 74) барлық дінге бірдей көзқарас ұстану үрдісі оның үрпақтары кезінде де ұзақ уақыт сақталып қалды. Дегенмен, билеушінің дінге қатысты бұл жұмсақтығы империяның одан арғы саяси беріктігіне өз ықпалын тигізбей қоймады. Дәл осы діни жұмсақтық Шыңғыс хан құрған империяның уақыт өте келе одан әрі ыдырауына себепкер болды.

Біздіңше, Шыңғыс ханның діни мәселелерге қатысты солқылдақ саясаты біріншіден, оның жаулап алу жорықтарының сәтті жүруіне мүдделілігіне байланысты болса, екіншіден, осы кезде әлі де болса реформалауды қажетсінетін дәстүрлі діни жүйенің өз мүмкіншілігін әбден түгесіп біткендігіне байланысты болды. Тәңірі сенімінің дүниетанымдық жүйесі моңғолдардың өзге діндерге, әсіресе христиан дініне қолдау көрсетуіне, тіпті, кейбір билеуші отбасы мүшелерінің осы дінді қабылдауына кедергі келтірмеді. Яғни, «Шыңғыс хан үрпақтары арасында христиан діні мен буддизмді қолдайтындар, ежелгі наймандар мен үйғырлар арқылы аталған діндермен танысып, сол нанымдарға көңілі ауған ханзадалар да кездесті» (Басани, 1371: 216).

Жаңа құрылған империяның көне дәстүрді қайта жаңғыртуға талпыныстарына қарамастан, әлі де дүниетанымдық-идеологиялық ваккум жағдайында қалғандығын түсінген Еуропалық христиан шіркеулері моңғол билеушілеріне идеялық түрғыда әсер етуге белсене кірісті. Моңғол империясының құрылу қарсаңында Еуразия құрлығының көшпенділері әлемдік өркениеттердің рухани-мәдени түрғыдағы бөлініске толық түсе қоймаған болатын.

Еуропалық католик және православ бұл мәселеде едәуір артта қалды. Тек XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Ордада Сарай православ епархиясы және францистік орденнің Аквилон викариат Сарай мен Газария округтарына енді. XIV ғасыр басында ислам Алтын Орданың мемлекеттік дініне айналған кезде католик епископтығы Кафа (1318 ж.) мен Сарайда (1315 ж.) құрылды 1362 жылы Сарай католик епископы болып минорит Косьма тағайындалды.

Моңғол билігі кезінде Русте шіркеу өмірі тоқыраған жоқ. Екі жүз жылдық моңғол билігі кезінде Русте шіркеулер саны бұған дейін болған шіркеулерден екі есеге өсті. Орыс шіркеуі Рустің моңғолдарға бағынуынан соң-ақ жаулап алушылар арасына кіре бастады. Де Плано Карпини Ордада орыс дінбасыларымен кездескендігін жазады. Миссионерлік қарапайым көшпенділерді емес, билеушілерді қамтыды (Карпини, 1993: 163). Олар бұл жерде Рим куриясымен қақтығысты. Византия осындай саяси мақсаттарды алға қоя отырып, моңғолдардың қол астындағы, ең алдымен Русті өз діндеріне кіргізуді жоспарлады.

XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс Еуропа мемлекеттерінен Үлы хандарына бірнеше елшіліктер жіберді. Елшіліктердің мақсаты татарлар тарапынан Батысқа қауіп бар ма, олардың арасына христиан дінін таратуға және оларды Мысыр сұлтанына қарсы пайдалануға болады ма деген тапсырмаларды орындау болды. Моңғолдардың өзге діндерге «жалпақ шешейлік» танытуынан Г.Микаэлян, В.Бартольд сияқты бірқатар ғалымдар саяси астар іздейді. Соңғысы Джузданидің «Табаката-насири» атты еңбегіне сүйене отырып, христиан дінін қолдау Күйік хан (1246-1248) кезінде жемісті жүргізілген саясат еді (Бартольд, 1966: 55). Бірақ, В.Кривошеев сияқты орыс зерттеушілері моңғолдардың діндерге алаламаушылық көзқарасы жөнінде түрлі пікірлерге қарамастан, бұл көзқарастан саяси себеп іздеудің қажеттілігінің жоқ екендігін жазады. Оның айтуынша: 1261 жылы Сарайда Митрофан басқаратын православ епархиясы құрылды. Көптеген орыс тарихшылары моңғол билеушілерінің бұл қадамын моңғолдардың Византия билеушілерімен қарым-қатынас жасап, жақындасуы үшін жасалған қадам деп топшылайды. Дегенмен, бұл ең алдымен Сарайда моңғол билігі кезінде келген православ түтқындардың рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында екендігін де естен шығармай керек (Кривошеев, 2001: 169). Бұл тепе-теңдік исламды қабылдаған Өзбек хан түсында өзгерді. Оның түсында исламның іргесі нығайып, тіпті кейбір Русті мұсылмандандыруға бағытталған сәтсіз қадамдар жасала бастады (Кривошеев, 2001: 179).

М. Феодоров-Давыдовтың айтуынша Шыңғыс хан құрған мемлекеттің құрылымдық жүйесі алғашқы кезеңде көне түркі мемлекеттілігінің тікелей көшірмесі болмады. Шыңғысхан өзі жаулап алған жерлердегі бүкіл көне рулық-тайпалық жүйелерді бұзып, ыдыратып, халықтарды араластырып, жаңа рулық-тайпалық құрылымдық жүйелерді түзді (Феодоров-Давыдов, 1976: 55). Жаңа жерлерді бағындырған түркі-моңғолдар Шыңғысхан Ясасы бойынша іс жүргізді. Мұсылмандар істері шариғатпен жүргізілді.

Үлдарына бөлініп берілген аймақтарды қамтыған Шыңғыс хан империясының тағдыры өздерінің орналасқан аймақтарының үлттық-мәдени және діни ерекшеліктеріне орай қалыптасты. Мысалы, қытай мәдениетінің әсерімен будда іліміне мойын ұсынған моңғол көшпенділерінің де көшпенділерге тән дүниетанымы трансформацияға ұшырады. Буддизмнің таралу кезеңінде моңғолдардағы шаман діні өзіндік дүниетанымы бар діни форма ретінде қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып, қоғамның әртүрлі мүшелерінің талабын қанағаттандырып түр еді. Сондықтан да будда монахтарының Ханбалықтағы Құбылай сарайындағы басты қарсыластары сарайдың ресми шамандары еді. Сондықтан да олармен моральдық-этикалық ақиқат түрғысында ғана емес, сиқыр мен емшілік жөнінде де күрес жүрді. Моңғол хандарының өздері біртіндеп будда элементтерін қабылдай бастаған шамандық рәсімдері мен құрбандық шалу салтанаттарына қатысты. Бұл жерде буддаға тән қасиет-әртүрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүріне сіңісіп кету процесі қатар жүрді (Малявкин, 1972: 24).

Ислам дінінің шиіттік ағымын қабылдаған түркілер де өздерінің үлттық болмысынан айырылып толық парсыланып кетті. Ауғанстандағы хазарейлер, Ирандағы түркілер туралы да осыны айтуға болады. Үлы Даланың шығыс бөлігіндегі тарихи мекенді мекендейтін түркі-моңғолдар будда ілімінің ламайзм бағытының әсерінен рухани-мәдени трансформацияға ұшырап, тарихи негіздерінен едәуір алшақтады.

Осылайша, бүкіл ортағасырлар бойы түркі дүниетанымында орын алуға тырысқан әлемдік діндердің біршамасы ақыры түркілердің дініне айналып тынды. Осы діндерді қабылдаған түркілердің бір-бірімен мәдени жақындығы шектеліп, этно-мәдени түрғыда бір-бірінен алшақтай берді. Ислам діні өзінің икемділігімен отырықшылардан өзгеше көшпенділер үшін барынша ылайықты дін болды. Қандай да бір қарулы қақтығыстарсыз жаңа дін түркі санасына орнықты. Мұсылман ғұламаларының, әсіресе сопы өкілдерінің еңбектерінің арқасында ислам бұрынғы көне түркілік діни наным элементтерін өз бойына сіңіре отырып көшпенділерге ұсынылды.

Ислам дінін қабылдаған Шыңғыс ұрпақтарының мемлекеттерінде діни-идеологиялық жағдай күрт басқаша сипат ала бастады. Әсіресе бұл Жошы ұрпағының еншісіне тиген аймақта – Дешті Қыпшақта анық байқалды. Исламданған өзге түркі мемлекеттеріне қарағанда бұл аймақта көне түркілік дүниетанымға сәйкес келетін мемлекеттік дәстүрлер молынан сақталып, қайта жалғасты. Жошы Үлысында исламның мемлекеттік дәрежеге жетуіне моңғол шапқыншылығына дейін-ақ байқалды. Бұған барлық түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Йассауи мен оның ілімі ықпал етті. Оның ілімі түркі даласының түкпір-түкпіріне тарады (Сибгатулина, 1995: 85). Жаңа дінді қабылдауда түркілердің алдына аса күрделі таңдау түрды. Көшпенділік дәстүрді сақтай отырып, көне сенім элементтерін жаңа дінге батыл ендіре отырып, исламды қабылдау және осы арқылы өздерінің этникалық ерекшеліктерін сақтау оңай емес еді. Сақтай отырып, дін иірімдеріне терең бойлайтын, барлық ережелер мен талаптарды орындайтын шынайы мұсылмандарға айналу тіпті күрделі еді. Осындай маңызды талапқа түркі-көшпенділері сопылық ағымдар арқылы ғана қол жеткізе алды. Өз кезегінде сопы ғұламалары исламды догматтық элементтерден тазартып, түркі-көшпенділерге діннің өзегі мен мәйегін таза күйінде ұсынды

Түркі-моңғолдар да ислам дінінің кейбір догматтық формаларымен, сыртқы формальды қажеттіліктерімен бірден келісе алмады. Мысалы, Әбілғазы Бахадур хан өзінің «Түркімендер шежіресі» атты еңбегінде Шыңғыс хан мен Бұхара имамының арасында болған сұхбатта Шыңғыс хан қандай да бір құрылысты «Тәңірдің үйі» деген пікірге қарсы шығады. Имам оған Мекке жайын сөз еткенде Шыңғыс хан «әлемнің барлығы Тәңірдің үйі. Тәңірдің үйі деп арнайы жер белгілеудің қажеті не?» деп жауап береді. Ирандағы түркі-моңғолдық ильхандар мемлекетінің билеушісі Хулагудің алдына ислам дінін қабылдауды ұсынып келген мұсылман дін өкілдерінің ислам

ағымдары негізінде хан алдында өзара таласқа кіріскенде ханның: «сендердің мына бітпейтін таластарыңа өз діндерің себепкер болса, онда еш таласы жоқ өз дінім артық екен ғой деуі» де дін түрғысында түркі билеушілерінің өз ұстанымдары болғандығын көрсетеді.

Г.А. Федорова-Давыдов пікірінше: Алтын Орда екі түрлі мәдени және шаруашылық әлемді біріктірді: далалық көшпенді малшылар мен сауда мен қолөнердің орталықтары қалаларда тұратын отырықшы егіншілер. Олар шаруашылық түрғыда бір-бірімен алтынордалық билеушілердің қатал орталықтанған саясатының ықпалымен ғана біріге алды (Вернадский, 1977: 124). Алтын Орданың негізгі халқы қыпшақтар мен басқа да көшпелі түркілер болды. Олар моңғол империясының негізгі әскери күші болды.

Шыңғысхан негізін қалаған түркі-моңғол империясының түркілер аймағындағы бөлігі – Алтын Орданы 1385 жылы Ақсақ Темір талқандаған соң, осы түркі-моңғол мемлекеті де бөлшектеніп, ұлан-байтақ аймақта өздерін Алтын Орданың мұрагерлері санап, түркі әлемінде жетекші орынға ие болуға тырысқан бірнеше хандықтар құрылды. Алтын Орда қирандысының орнында пайда болған осындай мемлекеттер Қырым, Қазан, Астрахан, Ноғай, Сібір хандықтары орыс мемлекетінің күшеюі тұсында түркілердің солтүстіктегі мүдделерін қорғаушы мемлекеттер ретінде құрылғандай болды. Бастапқыда бұл жаңа түркі мемлекеттерінде ортақ идеологиялық негізге ие болуға рухани негіз жасалды. Алтын Орда Өзбек хан (1313-1341) кезеңінде исламның ресми дін ретінде танылуы нәтижесінде сопылық ілім Еділ бойына тарады (Кенжетай, 2004: 21).

Қорытынды. Дегенмен, барлық саяси-идеологиялық мүмкіншіліктерді қолдарына ұстаған бұл мемлекеттер саяси-экономикалық түрғыда күшті жаңа түркі мемлекеттері бұл үмітті ақтай алмады. Діннің, сопылық ілімдердің жетекшілерінің саяси іс-әрекеттері нәтижесінде жекелеген түркі билеушілері сопылықтағы ағымдарды өз мемлекеттеріне жетекші діни-идеологиялық жүйе ретінде қабылдады. Бұл ілімдердің өздерінің қалыптасу ортасына осы ортадағы шаруашылық-экономикалық, мәдени-рухани болмыс ерекшеліктеріне орай өзіндік мәдени айырмашылықтары болды. Дегенмен, осындай ерекшеліктерге қарамастан түркі әлемінің басқа өңірлеріне қарағанда тарих барысында қалыптасқан нәсілдік, мәдени ерекшеліктерге қарамастан ислам әлемі түркілері бір-бірімен қандай түрғыда болмасын жақын болды.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

Абдур-Рафи Хакикатындағы Борьба щейха Наджмаддин Кубра против насилия // Сборник статьей конференции посвященной шейху Наджмаддин Кубра. – Ашхабад, 2001. – 187 с.

Акинжанов С.М. Кипчаки в истории средневековского Казахстана. – Алматы: «Гылым», 1999. – 296 с.

Банзаров. Д. Собрание сочинений. – Москва: «Изд. АН СССР», 1955. – 375 с.

Бартольд В.В. Сочинение. V том. – Москва: Наука, изд. АН СССР, 1966. – 431 с.

Басани А. Дин дар охдэ моғул // Тарихэ Иран аз омаданэ салжуқион та форупошиэ даулат-э ильханион. – Пежухеш-э донешгах-э Кембридж. – Техран: «Амир Кабир», 1371х/ж. – 512-520 с.

Вернадский Г.В. Монголы и Русь. – Тверь-Москва, 1977. – 243 с.

Владимирцев Б.Я. Работы по истории и этнографии монгольских народов / редколлегия В.М. Алпатов и др. – М. «Вост.лит», 2002. – 557 с.

Григорьев А.П. Конкретные формуляры чингизидских жалованных грамот // Тюркологический сборник.1974 г. – Москва: «Наука», 1978. – 54-67 с.

Дубровский Д.В. Жертвенный конь в погребальном обряде кочевников улуса Джучи // Тюркологический сборник. 2001: Золотая Орда и ее наследие. – М: «Вост. Лит.», 2002. – 302 с.

Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. – Түркістан: «Түран», 2004. – 341 б.

Кирокос Гандзакеци. История Армении. Пер.с др.-арм. Л.А. Ханларян. – М.: «Наука», 1976. – 324 с.

Кривошеев Ю.В., Соколов Р.А., Русская церковь и ординские власти // Тюркологический сборник.2001: Золотая Орда и ее наследие. – М.: Вост. Лит., 2002. – 302 с.

Қинаятұлы З. Қазақ заңдары және Шыңғысханның «Ұлы Жасағы» // «Қазақ тарихы» журналы, №4. – 2007. – 7-9 бб.

Малявкин. А.Г. К вопросу о расселении уйгуров после гибели Уйгурского каганата // Сиб.отд.АН СССР. №1, вып.1. – 1972. – 231 с.

Никитин А.Б. Христианство в Центральной Азии (древности и средневековье) // Восточный Туркестан и Средняя Азия: история культурных связей. – Москва: «Наука», 1984. – 121-137 с.

Нұртазина Н. Моңғол шапқыншылығының түркі исламына әсері // «Қасымбаев оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, ҚазҰПУ, 2005. – 216-219 бб.

Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: «Гылым», 1993. – 248 с.

Сибгатулина А.Т. Суфийские тарика среди тюркских народов // Сборник тезисов региональной научной конференции Проблемы взаимодействия национальных культур. – Астрахань, 1995. Ч. 1. – 84-86 с.

Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империй XIII в. Проблемы исторической преемственности. – Рос АН. Институт Росс. ист. – Москва: Наука, изд. фирма «Вост. лит»,1993. – 278 с.

Трубецкой Н.С. Наследие Чингиз хана. – Москва, 2000. – 560 с.

Федоров-Давыдов Г.А. Искусство кочевников и Золотой Орды: Очерки культуры и искусства народов Евразийских степей и золотоордынских городов. – М., 1976. – 231 с.

Хара Даван Эренжен. Чингисхан как полководец и его наследие (культуро-исторический очерк Монголии XII-XIVвв, перевод. – Алматы: Крамдс, Ахмед Яссави. 1992. – 284 с.

Хафиз Абру. Зейль джомэ ат-тауарих рашиди. – Техран: «Бомдод», 1345. – 356 с.

Юрченко А.Г. Русские и половцы перед лицом монгольского вызова (1223 г.) // Тюркологический сборник. Россия и тюркский мир. 2002. – Москва, «Восточная литература», – 2003. – 23-39 с.

References

Abd ur-Rafi Khakikat. Bor'ba shcheykha Nadzhmaddin Kubra protiv nasiliya [The struggle of the sheikh Najmaddin Kubra against violence] // Collection of articles from the conference dedicated to the sheikh Najmaddin Kubra. – Ashgabat, 2001. – 187 p. [in Russian]

Akinzhanov S.M. Kipchaki v istorii srednevekovskogo Kazakhstana.[The Kipchaks in the history of medieval Kazakhstan]. – Almaty: «Gylym», 1999. – 296 p. [in Russian]

Banzarov. D. Sobraniye sochinenii. [Collected Works]. – Moscow: Ed. AN SSSR, 1955. – 375 p. [in Russian]

Bartol'd V.V. Sochinenie. V tom. [Composition. V volume]. – Moscow: Science, ed. Academy of Sciences of the USSR, 1966. – 431 p. [in Russian]

Basani A. Din dar okhde mogul // Tarikhe Iran az omadane salzhuktion ta foruposhie daulat-e il'khanion. [Religion on Mongols] –Pezhukhesh-e doneshgakh-e Kembridzh. – Tekhran: Amir Kabir. 1371 kh/zh. – 512-520 p. [in Persian]

Dubrovskii D.V. Zhertvennyy kon' v pogrebal'nom obryade kochevnikov ulusa Dzhuchi [Sacrificial horse in the funeral rite of the nomads of the Jochi ulus] // Turkological collection. 2001: The Golden Horde and its heritage. – M: Vost. Lit., 2002. – 302 p. [in Russian]

Fedorov-Davydov G.A. Iskusstvo kochevnikov i Zolotoi Ordy: Ocherki kul'tury i iskusstva narodov Evraziyskih stepey i zolotoordynskih gorodov [Art of nomads and the Golden Horde: Essays on the culture and art of the peoples of the Eurasian steppes and Golden Horde cities]. – M., 1976. – 342 p. [in Russian]

Grigor'yev A.P. Konkretnye formulyary chingizidskih zhalovannykh gramot [Specific forms of Chingizid letters of gratitude] // Turkological collection. 1974. – Moscow: «Science», 1978. – P. 54-67 [in Russian]

Kenzhetay D. Kozha Akhmet Yasaui dunietanymy [Worldview of Hodja Ahmed Yasawi] – Turkestan: Turan. 2004. – 341p. [in Kazakh]

Khafiz Abru. Zeyl' dzhome at-tauarikh rashidi [The History of Rashidi]. – Tehran: Bomdod, 1345. – 356 p. [in Persian]

Khara Davan Erenzhen. Chingiskhan kak polkovodets i ego naslediya (kul'turo-istoricheskii ocherk Mongolii XII-XIV vv., perevod. [Genghis Khan as a commander and his legacy (cultural and historical sketch of Mongolia XII-XIV centuries, translation]. – Almaty: Kramds, Ahmed Yassavi, 1992. – 284 p. [in Russian]

Kirokos Gandzaketsi. Istoriya Armenii. [History of Armenia. Translated from old-Armenian L.A. Khanlaryan]. – M: «Science», 1976. – 324 p. [in Russian]

Krivosheyev YU.V., Sokolov R.A., Russkaya tserkov' i ordynskie vlasti [Russian Church and Ordin authorities] // Turkological collection. 2001: Golden Horde and its heritage. – M: Vost. Lit., 2002. – 302 p. [in Russian]

Malyavkin A.G. K voprosu o rasselenii uygurov posle gibeli Uygurskogo kaganata [On the question of the settlement of the Uighurs after the death of the Uyghur Kaganate] // Siberian Department of the Academy of Sciences of the USSR. No. 1, issue 1. 1972. – 314 p. [in Russian]

Nikitin A.B. Kristianstvo v Sentral'noi Azii (drevnosti i srednevekov'e) // Vostochnii Turkestan i Srednyaya Aziya: istoriya kul'turnyh svyazei [Christianity in Central Asia (antiquity and the Middle Ages)] // East Turkestan and Central Asia: the history of cultural ties. – Moscow «Science», 1984. – P.P 121-137 [in Russian]

Nurtazina N. Mongol shapkynshylygynyn turki islamina aseri // «Kasymbaev okulary» halykaralyk gylymi-praktikalyk konferenciya materialdari [The impact of the Mongol invasion on Turkic Islam] // Materials of the international scientific-practical conference "Kasymbayev readings". – Almaty, KazNPU, 2005. – P.P. 216-219 [in Kazakh]

Puteshestviya v vostochnye strany Plano Karpini i Gil'oma de Rubruka. [Travels to the eastern countries of Plano Carpini and Guillaume de Rubruc]. – Almaty: «Gylym», 1993. – 248 p. [In Russian]

Kinayatuly Z. Kazakh zandary jane Shyngyshannyn «Uly Jasagy» [Kazakh laws and Genghis Khan's "Great Squad"] // *Journal of «Kazakh History»*. – №4. –2007. – P.P. 7-9 [in Kazakh]

Sibgatulina A.T. Sufiyskie tarika sredi tyurkskikh narodov [The Sufii tarikats of Turks]. – Astrakhan, 1995. CH. 1. S. – P.P 84-86. [in Russian]

Trepavlov V.V. Gosudarstvennyi stroi mongol'skoi imperii XVIII v. Problemy istoricheskoi preyemstvennosti [The state system of the Mongol empires of the XIII century. Problems of historical continuity]. – Ros AN. Institute of Russian Scientists. – Moscow: Science, ed. firm ‘‘East. lit.", 1993. – 278 p. [in Russian]

Trubetskoi N.S. Nasledie Chingiz khana. [The legacy of Genghis Khan]. – Moscow, «Agraf», 2000. – 560 p. [in Russian]

Vernadskii G.V. Mongoly i Rus'. [Mongols and Russia]. – Tver-Moscow, 1977. – 243 p. [in Russian]

Vladimirtsev B.YA. Raboty po istorii i etnografii mongol'skih narodov [Works on the history and ethnography of the Mongolian peoples] editorial board V.M. Alpatov et al. – M.Vost.lit. 2002. – 557 p. [in Russian]

Yurchenko A.G. Russkie i polovtsy pered litsom mongol'skogo vyzova (1223 g.) [Russians and Cumans in the face of the Mongol challenge (1223)] // Turkological collection. Russia and the Turkic world. 2002. – Moscow, Eastern Literature. – 325 p. [in Russian]

МРНТИ 03.00.20

ИДЕОЛОГИЯ НА ЭТАПЕ ФОРМИРОВАНИЯ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ

Ж.Ж. Женис*

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор
E-mail: zhozhengis@gmail.com (Женис)

Аннотация. В статье рассматривается ход государственной и идеологической политики на ранних этапах существования империи, основанной Чингисханом. Рассмотрены роль традиционного мировоззрения в идеологической системе, вопросы идеологической борьбы.

В средневековых тюркских государствах по разным причинам некоторые религиозные системы подавляли традиционную религиозную систему на основе государственной идеологии. Автор утверждает, что в процессе этого традиционное мировоззрение изменилось, и определенные элементы продолжают существовать в системе новых религий, таких как ислам.

По мнению автора, сам Чингисхан разрушил все древние племенные системы на завоеванных землях, смешал народы и создал новые племенные структурные системы. Утверждается, что тюрко-монголы, завоевавшие новые земли, действовали в соответствии с Ясой Чингисхана, а дела мусульман велись в соответствии с шариатом.

Автор статьи поясняет, что судьба империи Чингисхана, в которую входили отведенные его сыновьям территории, определялась национальными, культурными и религиозными особенностями их регионов. В качестве примера показано, что кочевое мировоззрение монгольских кочевников, испытавших влияние китайской культуры буддизма, также претерпело изменения.

Ключевые слова: империя Чингисхана, кочевое мировоззрение, идеологический строй, ислам, государственность, политическая борьба.

IRSTI 03.00.20

IDEOLOGY AT THE STAGE OF THE MONGOLIAN EMPIRE FORMATION

Zh. Zhengis*

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author
E-mail: zhozhengis@gmail.com (Zhengis)

Abstract. The article examines the course of state and ideological policy in the early stages of the existence of the empire founded by Genghis Khan. The role of the traditional worldview in the ideological system, issues of ideological struggle are considered.

In the medieval Turkic states, for various reasons, some religious systems suppressed the traditional religious system based on state ideology. The author argues that in the process, the traditional worldview has changed, and certain elements continue to exist in the system of new religions such as Islam.

According to the author, Genghis Khan himself destroyed all the ancient tribal systems in the conquered lands, mixed peoples and created new tribal structural systems. It is argued that the Turkic-Mongols, who conquered new lands, acted in accordance with the Yasa of Genghis Khan, and the affairs of the Muslims were conducted in accordance with the Sharia.

The author of the article explains that the fate of Genghis Khan's empire, which included the territories assigned to his sons, was determined by the national, cultural and religious characteristics of their regions. As an example, it is shown that the nomadic worldview of the Mongol nomads, who were influenced by Chinese culture and Buddhism, also underwent changes.

Key words: Empire of Chinghis Khan, nomadic worldview, ideological system, Islam, statehood, political struggle.

МАЗМҰНЫ / ОГЛАВЛЕНИЕ

Қ.Қ. Сәрсембина, М.М. Қозыбаева, Х.Б. Маслов
Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер (Ақмола облысы бойынша).....4

А.Т. Абдулина
Этнокультурные аспекты состояния казахской диаспоры
в Тарбагатайском аймаке Суар КНР 14

А.М. Әбікей, А.Ж. Утегалиева, Ж.С. Саурыкова
1928-1929 жж. қазақ байларын тәркілеу науқаны..... 27

К.Н. Балтабаева
Пидахмет Бобкин и его потомки 40

Ж.Ж. Жеңіс
Моңғол империясының құрылу кезеңіндегі идеологиялық ахуал..... 56

Ә.Қ. Шашаев, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Қоңқабаева
Н. Сәбитовтың қоғамдық-ғылыми мұрасы мен өмірінің бастапқы кезеңі..... 68

О.Х. Мұхатова
Халифа Алтайдың өмірі мен қызметі туралы архив деректері..... 78

Ә.Қ. Бәкір, С.Т. Тайман, С.Т. Жарбулова
Мұстафа Шоқай және Әлихан Бөкейхан..... 92

С.-Х.А. Жүсіп, Х.Б. Маслов
Исторические аспекты участия казахов в первой мировой войне..... 104

С.А. Асанова
Малоизученные аспекты истории голода 1921-1922 гг. в Казахстане..... 117

A.M. Dyab al-Noimat, M.A. Sultan Alafreet, Zh. Zhengis
United States-Russian conflict over wealth and oil in Central Asia and the Caucasus..... 128

Kochiyev Elnur Rafik-Ogli
Comparative analysis of political repressions of Kazakhs and Ahiska Turks..... 141

Элен Тибо
Многоженство в Казахстане..... 151

А.Т. Капаева
Продовольственная политика советской власти
в Казахстане в условиях «военного коммунизма»..... 166

А. Сманова, С. Шілдебай
Мұстафа Шоқай және шетелдегі ұлттық өкілдердің
тәуелсіздік үшін жүргізген күресі..... 177

Ш.Т. Булгауов, Г.Қ. Мұқанова
Смағұл Садуақасовтың қазақстанды «кеңестендіру»
туралы көзқарастары төңірегіндегі тарихнамалық дискурс..... 188

И.Ю. Анисимова, Ф.С. Рамазанова, К.Б. Болатова
История повседневности как направление исторических исследований:
предмет, источники, методы..... 199

A.M. Dyab al-Noimat
Central Asia and the Caucasus in Iran's foreign policy strategy 1991-2020..... 211

O. Kuanbay
Comparative scientific analysis on the political and social situation
of the Japan - Kazakh people in XVIII-XIX centuries..... 223

S.K. Malabayev, M.M. Kozybayeva
Features of hunger 1921-1922 in Kazakhstan and its consequences..... 232

Редакцияның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп,
№ 14602-ИА куәлігіне ие болды.